

Ж.Т. Мырзалиева*, М.Т. Акимжанова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: zhanarai.abisheva@mail.ru, akimzhanova.marzhan@mail.ru
Scopus Author ID: 57204332730)

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінде заңдық терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету мәселелері

Кез келген мемлекетте құқықшығармашылық қызметтің ең басты мақсаттарының бірі — елде қабылданатын құқықтық актілердің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Мақалада Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтініне қазақша және орысша нұсқаларына сараптама жүргізу нәтижесіне байланысты мәселелер қарастырылған. Азаматтық заңнама саласында заң нормаларының мемлекеттік тілдегі мәтіндеріне, заңдық терминдердің бірізділігінің сақталуына назар аударылған. Зерттеу жүргізудің мақсаты — азаматтық заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндеріне талдау жүргізудің негізінде құқық нормаларының аудармаларындағы қателіктерін айқындау болып табылады, себебі, оған күнделікті қабылданып жатқан заңдардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларының сапасыздығы мысал бола алады. Авторлар ұлттық заңнамада шет тілінен енгізілген заңдық терминдерді қазақ тіліне аудармай түпнұсқа түрінде қолдану туралы пікір қозғаған. Сонымен қатар, мақалада қазақ тіліне заңнамалық актілердің мәтіндерін сапасыз аудару мәселелері бойынша жалпы тұжырымдар, соның негізінде мемлекеттік тілде заңнамалық актілерді әзірлеу бойынша заң техникасын жетілдіру жөнінде қорытындылар жасалған, себебі заң техникасының қажетті шарты – терминологияның біртектілігінің сақталуы және бір ұғымға қатысты бірнеше терминді пайдалануға жол бермеу. Сараптама нәтижелері авторлардың «Заңдық терминдердің бірегей қазақ тіліндегі сөздігін» құрастыруға негіз болады. Мақалада ғылыми танымның жалпы әдістері: синтез, талдау, индукция, шегеру, салыстырмалы құқықтық, жүйелік, логикалық әдістер пайдаланылған.

Кілт сөздер: заңдық терминология, азаматтық құқық заңнамасы, заң терминдерінің бірізділігі, ҚР Азаматтық кодексі, заң тілі, қазақ тілі, лингвистикалық сараптама, заңдық техника.

Кіріспе

Ұлтымыздың қазақ екенін білдіретін, өте әдемі, құлаққа жағымды, бейнелі де көркем тіліміз бар. Еліміздің тәуелсіздік алғанына отыз жылдан асса да, қазақ тілінің қоғамдық қатынастарда, мемлекеттік қызметте, заң шығарушылық қызметте мәртебесі әлі де болса жоғарғы деңгейге жете алмай отырғаны өкінішті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы, яғни Қазақстанда тұратын барлық адамдардың парызы болып табылады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін». Мемлекет басшысының сөзі ата-бабадан баға жетпес мұра боп қалған, шексіз бай қазақ тілінің жойылып кетпей жаңа деңгейде дамуына себепкер болады деп ойлаймыз [1, 86].

Еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі — мемлекеттік тіл. Егемендігімен еңсе тіктеп, өзгелермен мәртебесі тең, дербес мемлекет ретінде құқықтық-демократиялық қоғам орнатуды мұрат тұтқан Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тіліне мемлекеттік статус берілуі, оның өркениетті ел болуына ұмтылысының тағы бір айқын дәлелі. Бірақ қолжеткен табыспен шектеліп, оны әрі қарай жүзеге асыру жолдарын ойластырмау — үлкен қателік: мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, қоғамдық-әлеуметтік тұрмыста, яғни, ресми орындардағы, мемлекеттік органдардағы азаматтық-құқықтық, іскерлік-қызметтік тағы басқа қарым-қатынастардың, сан алуан құжат түрлері мен іс жүргізу қағаздарын рәсімдеудің құралына айналдырмайынша, қазақ тілінің мәртебесін мемлекет көлемінде көтеру мүмкін емес. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында Қазақстан

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: zhanarai.abisheva@mail.ru

Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды деп белгіленген [2]. Тіл туралы Қазақстан Республикасының заңының 5-бабына сәйкес, «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады делінген, осы норма қазақ тілінің мемлекеттік басқару, заң шығару тілі ретінде қалыптасуына мүмкіндік бермеуде [3].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 93-бабында «Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп көрсетілген. Бірақта бұл норманың іске асырылуы үшін жеткілікті шаралар қолға алынбаған деп ойлаймыз [2].

Қазақ тілінде жазылған құқықтық актілердің сапасы сын көтермейтіні белгілі және заң саласы нормаларының қазақ тіліндегі мәтіндерін басқа сала мамандарының аударуы нәтижесінде бір құқықтық акт аясында заң терминдері бірнеше нұсқада кездесіп жатады. Бірінші кезекте қабылданып жатқан заң тілі сапалы және халыққа түсінікті болуы тиіс деп ойлаймыз.

Әдістер мен материалдар

Зерттеуде танымның жалпы ғылыми-теориялық, диалектикалық, талдау, жалпылау, зерттеушілік, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік әдістер қолданылды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі бойынша орысша және қазақша мәтіндеріне салыстырмалы лингвистикалық сараптама жасалды.

Зерттеудің әдістемелік және материалдық негізі ретінде ҚР Азаматтық кодексі Ерекше бөлім, ҚР Еңбек кодексі, азаматтық заңнама саласындағы құқықтық актілер, тіл мәселесіне байланысты әдебиеттер мен мерзімдік басылымдар, атап айтсақ, М. Ізімұлының, В.А. Витушконың, Г.А. Ильясованың, Р.А. Тоқатовтың еңбектері негізге алынды.

Нәтижелер және талқылаулар

Зерттеу тақырыбы аясында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтінін қазақша және орысша нұсқаларына сараптама жүргізу арқылы талдау жасалды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімін зерттеу барысында заң нормаларының дұрыс емес аударылуы жиі кездесетінін байқап жатамыз. Әсіресе құқықтық актілердің баптарының атауларының дұрыс емес аударылуы көзге анық көрініп тұрады. Мысал ретінде тоқтала кететін болсақ, Азаматтық кодекстің мына баптарында: 781-бап. Затты алу мерзімдерін бұзудың зардабы; 808-бап. Міндетті сақтандыру туралы ережелердің бұзылу зардабы; 853-бап. Тапсырма шартын тоқтатудың зардабы; 957-бап. Құқықты басқа тұлғаға берудің зардабы. Осы айтылған баптардың орысша мәтініндегі «последствия» сөзі зардабы деп аударылған және бұл сөзді «салдары» деген сөзге өзгерткен дұрыс деп есептейміз. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің келесі баптарында «иесі» деген сөз кездеседі: 1005-бап. Патент иесінің құқықтарын шектеу; 1009-бап. Патент иесінің селекциялық жетістікке құқығы; 1032-баптың 1) тауар белгісі иесі, 1018-баптың 3) ашылмаған ақпаратқа иелік етуші; 1010-бап. Патент иесінің міндеттері. Осы «иесі» деген сөзді орысша «обладатель» сөзінен аударғанда «иеленуші» сөзімен ауыстырған дұрыс деп ойлаймыз [4].

33-тараудың атауы «Өтелмелі қызмет көрсету» және 683-687 баптар атауларында «өтелмелі» сөзі дұрыс жазылмаған, қазақ тілінде ондай сөз жоқ болғандықтан орысша нұсқадағы «Договор возмездного оказания услуг» атауын «Өтеулі қызмет көрсету шарты» және сәйкесінше 683-687 баптарда «өтеулі» деген сөзді қолданған дұрыс деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 1023-баптағы «Фирмалық атауды иеліктен алу құқығы» сөзін «отчуждение права на фирменное наименование» деген орысша нұсқасынан аударғанда «Фирмалық атауды иеліктен шығару» деп аударылуы тиіс, себебі иеліктен алу емес иеліктен шығару деген сөз жиі кездеседі және субъектілер меншік құқығын сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбастау сияқты шарттар жасасу арқылы иелігінен шығарады. Ал 1084-баптың «Шетелдік элемент шиеленістірілген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылуға тиісті құқықты анықтау» деп аталатын атауы орысша нұсқасының аудармасымен салыстырғанда басқаша болады. «Определение права, подлежащего применению к гражданско-правовым отношениям, осложненным иностранным элементом» деген атауды орысша нұсқасынан аударғанда аударма «Шетел элементімен күрделендірілген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылуға тиісті құқықты анықтау» деп жазылуы керек деп ойлаймыз. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының АҚ-нің 1090-бабының атауы

«Жария тәртіп туралы ескерту». Ал орысшасы «Оговорка о публичном порядке». Осы сөзді қазақшаға аударғанда «Жария тәртіп туралы ескертпе» деп аударылғаны жөн болар еді [4].

Кейбір баптардың атауын оқып отырғанда заң нормаларын басқа мамандардың аударғандары байқалады, мысалы айтатын болсақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1115-бабының атауы түсініксіз аударылған. «Қолданылатын құқықтың күшінде болатын саласы» деген атауда не жөнінде жазылғандығы мүлде түсініксіз, орысша нұсқасын қарастыратын болсақ «Сфера действия применимого права» дейді. Осы сөйлем «Қолданылатын құқықтың әрекет ету саласы» деп аударылса, дұрыс болар еді. Сонымен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің орысша мәтініндегі 1004-баптың «Право преждепользования» атауы қазақшада «Оған дейін пайдалану құқығы» деп қате аударылғандығына назар аударамыз және осыны «Алдын ала пайдалану құқығы» деп аудару, сонымен қатар орысша мәтініндегі «Выполнение работы иждивением подрядчика» деп аталатын 617-баптың атауы қазақша нұсқасында «Жұмысты мердігердің қарамағында орындау» деп аударылған. Негізінен бұл бапты «Жұмысты мердігердің есебінен орындау» деп аударған жөн болар еді. Бұл жердегі «иждивением» сөзі орысша мәтінінде орынсыз қолданылған деп айтуға болады [5, 127].

Шет тілінен кірме сөздер ретінде қолданылатын мына терминдерді: «интеллектуальной» — зияткерлік сөзін — «интеллектуалдық» (967-бап); «иллюстрация» — безендірме сөзін «иллюстрация» деп (972-бап), «сублицензионный договор» — қосалқы лицензиялық шарт сөзін «сублицензиялық шарт» деп (1031-бап), «пропорционально» — бара-бар сөзін пропорционалды деп (457, 1079, 842, 524, 656-баптарында), «ассортимент» — түр-түрі сөзін «ассортименті» (420-бап) деп сол бетінде қазақшаға аудармай қалдырған жөн деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, заңдарда және әдебиеттерде кездесетін және қалыптасқан келесідей заң терминдері:

– «соавторство» сөзінің қазақша нұсқасы Азаматтық кодекстің 982-бабында «серіктес авторлар» деп жазылған, бірақ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңның 10-бабында «Тең авторлар» деп аталады. Бұл жерде заңға сәйкес «соавторство» сөзі — «тең авторлар» сөзімен;

– «упущенная выгода» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 977-бабында «жоғалтылған пайда» және 9-баптың 4 тармағында «айрылып қалған пайда» ұғымы деп қолданылады. Бұл жерде біздің ойымызша «упущенная выгода» — «айрылып қалған пайда» сөзімен;

– «обычаями делового оборота» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 427-бабында «іскерлік айналым дағдылары» деп аударылған, біздің ойымызша бұл жерде «обычаями делового оборота» — «іскерлік айналым ғұрыптары» сөзімен [6];

– «непреодолимая сила» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 427, 652, 702, 931, 910 баптарында «дүлей күш» деп аударылған, біздің ойымызша бұл жерде «непреодолимая сила» — «еңсерілмейтін күш» сөзімен;

– «недвижимое» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 521, 535, 559, 595, 888, 1107, 1123 баптарында «қозғалмайтын» деп аударылған, біздің ойымызша бұл жерде «недвижимое» — «жылжымайтын» сөзімен;

– «предмет» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 631, 666, 676, 871, 916 баптарында «нысанасы» деп аударылған, біздің ойымызша бұл жерде «предмет» — «пәні» сөзімен;

– «неприкосновенность» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 952-бабында «ешкімнің тиіспеуі» деп аударылған, біздің ойымызша бұл жерде «неприкосновенность» — «қол сұқпаушылық» сөзімен;

– «работник» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 921-бабында «қызметкер» деп аударылған. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 1-бабының 43) тармағында «жұмыскер» деген ұғым қолданылады, сондықтан біздің ойымызша бұл жерде «работник» — «жұмыскер» сөзімен;

– «нотариально» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830, 1051, 1060, 1072-1 баптарында «нотариатта» деп аударылған, біздің ойымызша бұл жерде «нотариально» — «нотариалды» сөзімен;

– «исковая давность» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімінің 7-тарауы, Ерекше бөлімнің 7-бөлімінің 3 Параграфы және 1106-бабында

«талап мерзімі» деп аударылған, біздің ойымызша «Исковая давность» — «Талапты қоюдың ескіруі» сөзімен;

– «Сроки исковой давности» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 960, 706, 636-баптарында «талап қою мерзімдері» деп аударылған, біздің ойымызша «Сроки исковой давности» — «Талап қоюдың ескіру мерзімдері» сөзімен;

– «приобретательная давность» — қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 1108-бабында «алыну мерзімінің ескіруі» деп аударылған, біздің ойымызша Азаматтық кодекстің 240-бабына сәйкес «приобретательная давность» — «иелену мерзімі» сөзімен;

– «кредиторы» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 1081, 493, 842, 742, 800, 1058-баптарында «кредит беруші» деп аударылған, біздің ойымызша — «кредиторы» — «несие берушілер» сөзімен;

– «право пользования» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 1025-бабында «қолдануға құқық» деп аударылған, Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімінің 188-бабының 2 тармағында пайдалану құқығы деген ұғымды қарастырғандықтан, біздің ойымызша «право пользования» — барлық жерде «пайдалану құқығы» сөзімен [6];

– «право распоряжения» сөзінің қазақша нұсқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің 964-бабында «пайдалану құқығы» ретінде кездеседі, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімінің 188-бабының 2 тармағында билік ету деген ұғым қарастырылғандықтан, «право распоряжения» — «билік етуге құқығы» сөзімен ауыстырылуы керек деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылған терминдерді құқықтық актілерде бірнеше нұсқада бұрмаламай дұрыс қолдану үшін заң саласында терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету арқылы ғана қазақ тілінде заңдардың сапасын жақсарту аламыз.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде «материальном носителе» сөзі түрліше аударылған, 979-бапта «материалдық негіздегі», ал 1013-бапта «материалдық көздерде» деп аударылады, негізінен «материалдық жеткізгіште» деп; сондай-ақ «пожизненное содержание» сөзі әртүрлі аударылған. Азаматтық кодекстің 941-бабында «ғұмырлық жәрдем» деп аударылған, ал 28-тараудың 4 Параграфында «Пожизненное содержание с иждивением» сөзі — «Өмір бойы асырауда ұстау» деп аударылған, негізінен «өмір бойы асырау» деп аударған дұрыс деп ойлаймыз [7; 138].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 938-бабы «Денсаулықтың зақымдануы салдарынан жоғалтылған табысты (кірісті) анықтау» барысында ҚР Еңбек кодексінің нормалары мен Азаматтық кодекстің нормалары бір-біріне қарама қайшы сәйкессіздіктер болмас үшін осы баптың 2) тармағына: ҚР Еңбек кодексінің 87-бабын басшылыққа ала отырып («пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақылар» сөзі — «пайдаланылмаған жыл сайынғы ақы төленетін демалыс үшін өтемақылар» сөзіне және «жұмыстан босатылған кездегі жұмыстан шығу жәрдемақысы» сөзін — ҚР Еңбек кодексінің 131-бабына сәйкес «жұмыстан айырылуына байланысты берілетін өтемақы төлемдері» деген сөзге ауыстырған жөн деп санаймыз [6]. Осыған орай 2 бөлімнің мәтінін келесідей редакцияда өзгерту ұсынылады: «Біржолғы сипаттағы төлемдер (пайдаланылмаған жыл сайынғы ақы төленетін демалыс үшін өтемақылар, жұмыстан айырылуына байланысты берілетін өтемақы төлемдері және басқалары) есептелмейді». Себебі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 80-бабына сәйкес тынығу уақытының түрлерінің қатарына: демалыс күндері және демалыстарды (отпуск) жатқызамыз. Мереке және демалыс күндері (мысалы сенбі, жексенбі күні) жұмыскерді жұмысқа тартқан жағдайда оған жалақы төленеді, ал жыл сайынғы ақы төленетін демалысты пайдаланбаған жағдайда өтемақы төленеді. Күші жойылған Еңбек кодексі бойынша жұмыстан шыққан кезде жәрдемақы берілген болса, 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған Еңбек кодексінің 131-бабына сәйкес жұмыстан айрылуына байланысты 4 негіз бойынша ғана өтемақы төленеді [8].

Сәйкесінше осы баптың орысша нұсқасында «неиспользованный отпуск» сөзі — «неиспользованный оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск» сөзімен және «выходное пособие при увольнении» сөзін — «компенсационные выплаты в связи с потерей работы» деген сөзбен ауыстыру керек. Осыған орай орысша кодексте 938-баптың 2 бөлімнің мәтінін келесідей редакцияда өзгерту ұсынылады: «Не учитываются выплаты единовременного характера (компенсации за неиспользованный оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск, компенсационные выплаты в связи с потерей работы) и другие».

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің кейбір баптарын оқи отырып орысша және қазақша мәтіндердің сәйкес келмейтініне назар аударуға болады, мысалы 953-бабының 1-тармағы орысша мәтінде былай берілген:

1. Лицо (приобретатель), которое без установленных законодательством или сделкой оснований приобрело или сберегло имущество (неосновательно обоготилась) за счет другого лица (потерпевшего), обязано возвратить последнему неосновательно приобретенное или сбереженное имущество, за исключением случаев, предусмотренных статьей 960 настоящего Кодекса.

Ал қазақша мәтінде: 1. Заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), осы кодекстің 960-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте, негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті.

Бұл жерде қазақшада стилистикасы дұрыс аударылмай мағынасын жоғалтып тұр. Дұрысы: 1. Осы кодекстің 960-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңнамада немесе мәміледе белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинақтаған (негізсіз байыған) тұлға (сатып алушы) соңғысына негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті қайтаруға міндетті [4].

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің мәтінін қазақша және орысша нұсқаларына сараптама жүргізу нәтижесінде келесідей мәселелер анықталды:

– Мақалада көрсетіліп кеткен кейбір баптардағы терминдердің дұрыс емес аударылуы, қазақша аудармасының бұрмалануы, бір терминнің бірнеше нұсқада жазылуы анықталды. Заңның мәтіндеріне қатысты терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету ету үшін заңдық терминдердің мемлекеттік тілдегі үлгі сөздігін әзірлеу қажет деп есептейміз, бұл азаматтық заңдарға жүргізілген лингвистикалық-құқықтық сараптама нәтижелері авторлардың «Заңдық терминдердің бірегей қазақ тіліндегі сөздігін» құрастыруына негіз болады;

– Құқықшығармашылықты жүйелі, сауатты, мұқият қалыптастыруда заңдық техника ережелерін сақтай отырып, заңдық олқылықтардың орын алмауына мүмкіндік беру;

– Заңдық терминдердің көпшілігі шет тілінен шыққан терминдер болғандықтан, мысалы ассортимент (түр түрі), пропорционалды (бара-бар), интеллектуалды (зияткерлік), иллюстрация (безендірме) сияқты сөздерді қазақша аудармай сол күйінде қалдырған жөн деп санаймыз;

– Қазақстан Республикасының Конституциясының 93-бабында «Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті»-деп көрсетілген. Бірақ бұл норманың іске асырылуы үшін жеткілікті шаралар қолға алынбаған деп ойлаймыз.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №АП09259787).

Әдебиеттер тізімі

1. Бекежанова Г. Мемлекеттік тілге жанашыр болу әр азаматтың міндеті / Г. Бекежанова // Zanger. — 2019. — № 10. — Б. 86-87. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://webirbis.knu.kz/index.php?option=com_irbis&view=irbis&Itemid=108&task=set_static_req&req_irb=<>I=<>

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2.

3. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы (2022.14.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51008034#activate_doc=2.

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_.

5. Илиясова Г.А. Қазіргі азаматтық іс жүргізу заңнамасында заңдық терминологияларды қолдану мәселесі / Г.А. Илиясова, Г.Б. Әсетова // Қарағанды университетінің хабаршысы. — 2021. — № 3. — Б. 127-134. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://law-vestnik.knu.kz/apart/2021-103-3/15.pdf>.

6 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі). Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_.

7 Тоқатов Р.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің дәлме-дәлдігі туралы / Р.А. Тоқатов, М.Т. Акимжанова // Қарағанды университетінің хабаршысы. — 2021. — № 3. — Б. 135-141. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://law-vestnik.ksu.kz/apart/2021-103-3/15.pdf>.

8 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2022.04.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // Ақпараттық жүйелер. — ҚҰК;тнiвiлiкiр нәһнi,i^ https://online/zakon/kz/Document&doc_id=34838929#activate_doc=2/

Ж.Т. Мырзалиева, М.Т. Акимжанова

Проблемы обеспечения последовательности юридических терминов в Особенной части Гражданского кодекса Республики Казахстан

Одной из главных целей правотворческой деятельности в любом государстве является обеспечение качества и стабильности принимаемых в стране правовых актов. В статье рассмотрены вопросы, связанные с проведением экспертизы в казахской и русской версиях текста Особенной части Гражданского кодекса Республики Казахстан. В сфере гражданского законодательства обращено внимание на тексты юридических норм на государственном языке, соблюдение последовательности юридических терминов. Целью проведения исследования является выявление ошибок в переводах норм права на основе анализа текстов гражданского законодательства на государственном языке, так как примером может служить некачественная версия ежедневно принимаемых законов на государственном языке. Авторы высказали мнение о применении в национальном законодательстве юридических терминов, введенных с иностранного языка, в оригинальном виде без перевода на казахский язык. Кроме того, в статье дано обобщение по вопросам некачественного перевода текстов законодательных актов на казахский язык, на основе которого делаются выводы по совершенствованию юридической техники по разработке законодательных актов на государственном языке, так как необходимым условием юридической техники является соблюдение единообразия терминологии и недопущение использования нескольких терминов, относящихся к одному понятию. Результаты экспертизы послужат основой для составления авторами «Уникального словаря юридических терминов на казахском языке». Используются общие методы научного познания: синтез, анализ, индукция, дедукция, сравнительно-правовые, системные, логические методы.

Ключевые слова: юридическая терминология, гражданское законодательство, последовательность юридических терминов, Гражданский кодекс Республики Казахстан, юридический язык, казахский язык, лингвистическая экспертиза, юридическая техника.

Zh.T. Myrzaliyeva, M.T. Akimzhanova

Problems of ensuring the consistency of legal terms in the Special Part of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan

One of the main goals of lawmaking activities in any state is to ensure the quality and stability of legal acts adopted in the country. The issues related to the examination of the Kazakh and Russian versions of the text of Special Part of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan are considered in the article. In the sphere of civil law attention is drawn to the texts of legal norms in the state language, compliance with the sequence of legal terms. The purpose of the research is to identify errors in the translations of law based on the analysis of the texts of civil law in the state language, since an example is a low-quality version of daily enactments in the state language. The authors expressed an opinion on the application of legal terms introduced from a foreign language in the national legislation, in its original form without translation into Kazakh. In addition, the article gives a generalization on issues of low-quality translating texts of legislative acts to the Kazakh language, on the basis of which conclusions are drawn on the improvement of legal writing on the development of legislative acts in the state language, since the necessary condition for legal writing is to comply with the uniformity of terminology and prevent the use of several terms related to one concept. The results of the examination will serve as the basis for the authors of the «Unique dictionary of legal terms in the Kazakh language». The general methods of scientific knowledge: synthesis, analysis, induction, deduction, comparative legal, systemic, logical methods are used in the article.

Keywords: legal terminology, civil legislation, sequence of legal terms, Civil code of the Republic of Kazakhstan, legal language, Kazakh language, linguistic examination, legal writing.

References

- 1 Bekezhanova, G. (2019). Memlekettik tilge zhanashyr bolu ár azamattyń mindeti [It is the duty of every citizen to sympathize with the state language]. *Zańger — Lawyer*, (10), 86-86. Retrieved from https://webirbis.ksu.kz/index.php?option=com_irbis&view=irbis&Itemid=108&task=set_static_req&req_irb=<>I=<> [in Kazakh].
- 2 Qazaqstan Respublikasynyń Konstitýtsiiasy. 1995 zhylgy 30 tamyz (2022.19.09. berilgen ózgerister men tolyqtyrylarymen) [The Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 (with amendments and additions dated 09.19.2022)]. online.zakon.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2 [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasyndaғы til turaly 1997 zh. 11 shildedegi N 151-I Qazaqstan Respublikasynyń Zańy (2022.14.07. berilgen ózgerister men tolyqtyrylarymen) [On languages in the Republic of Kazakhstan law of the Republic of Kazakhstan dated July 11, 1997 No. 151-I]. online.zakon.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51008034#activate_doc=2 [in Kazakh].
- 4 Qazaqstan Respublikasynyń Azamattyq kodeksi (Erekshe bólimi). Qazaqstan Respublikasynyń 1999 zhylgy 1 shildedegi N 409 Kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (special part). Code of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 1999 No. 409]. adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> [in Kazakh].
- 5 Iliassova, G.A., & Ásetova G.B. (2021). Qazirgi azamattyq is zhúrgizý zańnamasynda zańdyq termionologialardy qoldany máselesi [The problem of using legal thermionologies in modern civil procedure legislation] *Qaraǵandy universitetiniń khabarshysy. Quqyq seriiasy — Bulletin of Karaganda University, Law Series*, (3), 127-134. law-vestnik.ksu.kz. Retrieved from <https://law-vestnik.ksu.kz/apart/2021-103-3/15.pdf> [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasynyń Azamattyq kodeksi (Zhalpy bólimi). Qazaqstan Respublikasynyń Kodeksi 1994 zhylgy 27 zheltoqsandaғы N 268-XII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General part) Code of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994 No. 268-XII]. adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> [in Kazakh].
- 7 Toqatov, R.A., Akimzhanova, M.T. (2021) Qazaqstan Respublikasynyń Azamattyq kodeksiniń (Zhalpy bólim) qazaq zháne orys tilderindegi máttinderiniń dálme-dáldigi týraly [On the accuracy of the texts of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General part) in Kazakh and Russian languages] *Qaraǵandy universitetiniń khabarshysy. Law series — Bulletin of Karaganda University*, (3), 135-141. law-vestnik.ksu.kz. Retrieved from <https://law-vestnik.ksu.kz/apart/2021-103-3/15.pdf> [in Kazakh].
- 8 Qazaqstan Respublikasynyń 2015 zhylgy 23 qarashadaғы N 414-V Eńbek Kodeksi (2022.04.07. berilgen ózgerister men tolyqtyrylarmen) [Labor Code of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2015 No. 414-V (with amendments and additions dated 07.04.2022)]. online.zakon.kz. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929# activate_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929#activate_doc=2) [in Kazakh].